

**«Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК**  
**Әдістемелік кеңесінің отырысы**  
**№ 1 Хаттамасы**

«28» 08 2021 ж.

Түпқараған ауданы

Қатысқаны: Басшы, Басшының орынбасары, колледждің педагог қызметкерлері  
Қатыспағаны: жоқ

**КҮН ТӘРТІБІ**

1	2021-2022 оқу жылына оқу жоспарлау құжаттаманы құрастыру.	Әдіскер
2	2021-2022 оқу жылына әдістемелік жұмыстың жоспарын жасақтау және бекіту.	Басшының ОІЖ орынбасары ПЦК төрайымдары
3	ПЦК бірлестіктер жоспарын жасақтау, бекіту.	
4	«Жас педагог мектебі» жұмыс жоспарларын бекіту.	
5	Пән апталықтарын, ашық сабақтардың жоспарларын. әдістемелік семинарларды өткізу кестелерін бекіту.	Әдіскер
6	Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.	ПЦК төрайымдары
7	Оқытушылардың жеке жоспарларын және өзін-өзі жетілдіру тақырыптарын бекіту.	

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша колледж әдіскері А. Танатарова сөз алып, 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың есебін берді.

Колледж 2021-2022 оқу жылында *“Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру және дамыту”* әдістемелік тақырыбында жұмыс жүргізді. Өткен оқу жылында жоспарланған 5 (жеті) әдістемелік кеңестер өткізілді. *5 (жеті)*

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша:** әдіскер А.Танатарова ұжымды жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарымен таныстырып, талқылады. ПЦК бірлестіктердің осы оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары кеңесте таныстырылып, талқыланды, бекітілді.

Колледжде гуманитарлық пәндер цикл комиссиясы және жаратылыстану пәндер бойынша комиссиясы осы оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары кеңесте таныстырылып, талқыланды.

**Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша ПЦК төрайымдары** -ҚР ТжКБ және типтік оқу бағдарламалары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 06.04.2020 жылғы №130 бұйрығы негізінде ӘБ жетекшілері пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, құрама-тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсынды.

Мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына 366-қосымшасына сәйкес құрылды.

Ал «Фин дипломының кәсіптік білім беру талаптарына сәйкес 54 білім беру бағдарламалары Soprano Grup бағдарламасымен дайындалды. «Talar» 2021-2022 жылы өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының тізімінде көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сүйене отырып базалық модульдерді және кәсіби модульдері жасалынды.

2021-2022 оқу жылында 3 мамандық бойынша студенттер оқуға қабылданды.

1. 01120100 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
2. 07150500 – «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»
3. 07320100 – «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»

**Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша: А.Танатарова** ұжымды жаңа 2021-2022 оқу жылында «Жас педагог мектебі» жұмыс жоспарымен таныстырып, жас педагогтарды және оларға бекітілген тәлімгерлерді баяндап өтті.

#### **Шешті:**

1. Әдіскердің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Колледждің әдістемелік жұмыс жоспарлары бекітілсін.
3. ПЦК жұмыс жоспарлары бекітілсін.
4. Оқу жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бекітілсін.
5. «Жас педагог мектебі» жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Танатарова А.А.

Сәрсенқызы Г.

**«Тұңқараған гуманитарлық – техникалық колледжі» МКҚК**  
**Әдістемелік кеңесінің отырысы**  
**№ 2 Хаттамасы**

« 14 » 10 2021 ж.

Тұңқараған ауданы

**Қатысқаны:** Басшы, Басшының орынбасары, колледждің педагог қызметкерлері.

**Қатыспағаны:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІ**

1	I курстар арасында міндетті аралық бақылау, рейтинг (тексеру, талдау).	Басшының ОДЖ орынбасары
2	Worldskills-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсына қатысуға дайындықты ұйымдастыру.	Басшының ӨОЖ орынбасары
3	Оқу – жоспарларын талапқа сай рәсімдеу сапасын тексеру қорытындылары	
4	2021-2022 оқу жылында біліктілік санаттарына аттестаттаудан өтетін педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауы	Әдіскер
5	2021-2022 оқу жылында ПЦК педагогикалық кадрларының әдістемелік тақырыптары бойынша өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру, талдау, тарату.	

**Тыңдалды:**

Басшының ОДЖО орынбасары Жоламанова А.Д. – I курстар арасында аралық бақылау, рейтинг қорытынды бақылау кезінде студенттің ағымдық және аралық бақылау нәтижелеріндегі жинаған көрсеткіштері есепке алынады. Қорытынды бақылау өткізу формасы емтихан болып табылады. Ол семестр аяғында өтеді. (ауызша, жазбаша, тест түрінде).

**Тыңдалды:** Басшының ӨОЖ орынбасары Маңғыбаева Гүлзира Worldskills-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсына қатысуға дайындықты ұйымдастыру туралы. Колледжішілік жыл сайынғы WorldSkills Ақтау -2022 чемпионаты жоспарын таныстыру, қатысушыларға сұраныстар беру, жалпы дайындық жұмыстары бойынша өндірістік орынбасар арнайы пән оқытушыларына отырыс өткізіледі. «Дәнекерлеу технологиясы», «Тактатаспен қаптау» құзіреттілігі, «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары», «Жеңіл автомобильге қызмет көрсету, жөндеу», «Мектепке дейінгі тәрбие» құзіреттілігі, «Тәлімгерлік қызмет» құзіреттілігі бойынша колледжішілік сайыстың ашылу салтанатына, «Ашық есік» күніне мектеп оқушылары да қатыстырылуы қолға алынып отыр. 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында, оқытылып жатырған мамандықтармен таныстырып «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу» шеберханаларымен, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «Мамандық әлеміне саяхат» тренинг өткізуді ұжыммен бірігіп атсалысып атқаруымыз керек.

**Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша:** әдіскер Жанабаева С.К. -

Педагогтарды аттестаттау ҚР 2016 жылғы «27» қаңтардағы №83 бұйрығымен және «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес бес жылда кемінде бір рет, білім беру ұйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарлары үш жылда бір рет өткізіледі.



Аттестаттау кезінде - біліктілік санатын беру (растау) - педагог біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санаты үшін өту мерзімдері мен санат кезектілігін сақтай отырып, өтініш береді. Педагог оқытушылар мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш – біліктілік санатын беру, басшы немесе орынбасарды мерзімінен бұрын аттестаттауды қоспағанда, педагог осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен, осы Қағиданың 3-қосымшаға сәйкес, кем дегенде, соңғы екі жылдағы қызметтің тиісті нәтижелері болған жағдайда облыстың аттестаттау комиссиясына ұсынады. Колледж оқытушылары осы қағидаларды ескере отырып, портфолиосын талапқа сай жасақтауға дағдылансын.

**V мәселе бойынша Колледж педагог оқытушылары өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын ұйымдастырып, талдап, тарату жұмыстарын жүргізу аясында өздігінен білім көтеру жұмысын ұйымдастыруда, педагогтың өздігінен білім көтеру тақырыбынан бастап жеке жұмыс жоспарын жасақтап, әдістемелік материалдарын және өздігінен білім көтерудегі жетістіктерін кестесін ұдайы толтыруы қажет.**

#### **Шешті:**

1. Колледжішілік WorldSkills Ақтау -2022 чемпионаты жоспарын жасақтап, қатысушыларға сұраныстар берілсін.
2. Аттестатталушы педагог – қызметкерлерінің озық іс тәжірибелері жариялансын.
3. Әр пән бойынша білім сапасын арттыру үшін оқытушылар үздік сабақ деп танылған сабақтарға қатыссын.

Төрайымы:



Жанабаева С.К.

Хатшы:



Таңатарова А.А.

## Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі

### Әдістемелік кеңесінің отырысы

Хаттама № 3

13.01.2022 ж.

#### *Қатысқандар:*

Колледж басшысының м.а А.Сұлтанғали  
Басшының ОІЖО А.Жоламанова  
Басшының ОӨТО Г.Маңғыбаева  
Арнайы пән оқытушылары  
Әдіскер С.Жанабаева

### КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 10.01.2022 жылғы №2 хаттамасы Индустриалдық кеңес отырысында қаралған мамандықтар бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын және олардың паспорттарын жасақтау.
2. Білім беру мазмұнының жаңартылуы жағдайларында жалпы білім беру пәндерінің сабақтарын ұйымдастырудың тиімді әдістері
3. Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру сұрақтары бойынша жұмыс беруші әлеуметтік серіктестіктерімен өзара әрекеттесу.
4. 2021-2022 оқу жылы бойынша дипломдық жұмыс тақырыптарын бекіту

### ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. 07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) мамандығы, біліктілігі 3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші, 07161300 – Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы, біліктіліктері 3W07161301 - Автомобиль жөндеу слесарі 3W07161303 - Автомобиль көлігін жөндеу шебері, 4S07161304 – Техник - механик, 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы, біліктілігі – 4S01140602 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, 1304000 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы, біліктілігі 4S06130103 Техник - бағдарламашы мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасының паспорттары жұмыс берушілер «Каспий коммуналдық қызметі» ЖШС директоры А.Құрманов, «Су жүйесі» МКҚ басшысы Б.Ораз, Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы А.К.Утесбаева, «Альянс ЛТД» ЖШС А.Керелбаев, «Қазақтелеком» АҚ басшысы А.Қуанбай келісілген әлеуметтік серіктестерімен, 10.01.2022 ж. Индустриалдық кеңес отырысының №2 хаттамасын негізге ала отырып, мақұлданды. (Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жоламанова А.Д, әдіскер С.К. Жанабаева)
2. Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында әдіс-тәсілдерді енгізу және оқушылардың білімі мен біліктілігін қалыптастыру жұмыстарына оқушылардың танымдық қызығушылығын және білім сапасын арттыру негізгі мақсатымыз. Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында оқытушының уақытын үнемдеу және оқытуда тиімді пайдалануы жүргізілсін. (колледж әдіскері С.К. Жанабаева, ПЦК жетекшісі Ж. Иманғалиева)

3. Білім берудің негізгі мәселесі – еңбекке орналасуды шешуге мүмкіндік беретіні және кәсіпорын мен колледждерде оқу арқылы қажетті біліктілікке қол жеткізуі. Кәсіптік білім саласындағы әлеуметтік серіктестік оқу үрдісіне қатысты тұлғалардың сұранысын қанағаттандыруға және оны жүзеге асыруға максатталған оқу орындары мен еңбек нарығының арасындағы байланыс орнатылсын. (Жауаптылар - Басшының ОӨТО Г.Маңғыбаева, арнайы пән оқытушылары, өдірістік оқыту шеберлері, ПЦК төрайымы)

4. 2021-2022 оқу жылғы «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы түлектеріне арналған дипломдық жұмыстардың тақырыптары колледж әдіскерімен қаралып, оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітілсін. (Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жоламанова А.Д, әдіскер С.К. Жанабаева, ПЦК төрайымы, арнайы пән оқытушылары)

Әдіскер

Хатшы



С.К. Жанабаева

Ж.Н. Иманғалиева